






**Автор:** Умирбаева Жанар Базарбаевна  
**Пән:** Математика  
**Сынып:** 3-сынып  
**Бөлім:** Үлес  
**Тақырып:** Үлес бөлшек туралы түсінік

Сабаққа негізделген оқу мақсаты	3.1.1.5 үлесті құру жолын көрсетіп беру, оларды оқу, жазу және салыстыру 3.1.1.6 жай бөлшектерді оқып, жазу; көрнекіліктерді пайдалана отырып, бірдей мәнділігі бар бөлшектерді салыстыру
Сабақ мақсаттары:	Барлық білім алушылар: Жай бөлшектерді оқу және жазу Білім алушылардың басым бөлігі: Көрнекіліктерді пайдалана отырып, бірдей мәнділігі бар бөлшектерді салыстыру Кейбір білім алушылар: Көрнекіліктерді пайдалана отырып, мәні бірдей бөлшектерді салыстыру.
Бағалау критерийлері (жетістік критерийлері, табыс критерийлері, күтілетін нәтиже)	Балалар бағалау критерийлерін талқылайды. Мен: □ – суреттен үлестердің жасалуын көрсетемін; □ – үлестерді оқимын; □ – үлестерді жазамын; □ – үлестерді салыстырамын
Тілдік мақсаттар	Тілдік дағдылар: үлестердің тұрмыстық атауы Терминология: Бөлшек, алымы, бөлімі Талқылау: - Бөлшектің бөлімі нені көрсетеді? - Бөлшектің алымы нені көрсетеді? - Қай бөлшек үлкен: $\frac{1}{6}$ немесе $\frac{2}{6}$ ? - өсу тәртібі бойынша орналастырыңдар. Жазылым: Бөлшектерді өсу (кему) тәртібі бойынша жазыңдар.
Құндылықтарды дарыту	Отбасы мүшелерін құрметтеу, сыйлау.
Пәнаралық байланыстар	Жаратылыстану.
Алдыңғы оқу/ Бастапқы білім	2 санынан бастап 9 санына дейінгі көбейту кестесі. шамалар арасындағы қатынас: «бір заттың массасы», «саны», «жалпы масса».

### Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған жаттығулар	Ресурстар
Басталуы: (5мин.)	Ынталандыру. Көбі математика ілімі тек сабақта ғана қажет деп ойлайды. Бірақ ол олай емес. Біз математика ілімінің күнделікті өмірде қалай іске асатынын білетін боламыз.	

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
<p>Ортасы: (30мин.)</p>	<p>Өзектендіру. Видеоролик көру (2мин.34сек.)  <a href="https://bilimland.kz/kk/subject/matematika/3-synyp/bolshektek?mid=f8afbe70-9ee4-11e9-a361-1f1ed251dcfe">https://bilimland.kz/kk/subject/matematika/3-synyp/bolshektek?mid=f8afbe70-9ee4-11e9-a361-1f1ed251dcfe</a>  </p> <p>Мұғалім оқушылармен бірге алдыңғы сабақта өткен мәліметтерді еске түсіреді. Тақтада немесе жинақ полотносында сурет берілген.  </p> <p>– Бірінші дөңгелек неше тең бөлікке бөлінген? <math>1/2</math> бөлігін қалай шығардың? Екінші дөңгелек неше тең бөлікке бөлінген? <math>1/4</math> бөлігін көрсетіңдер. Қалай жазасыңдар? <math>1/4</math> бөлігін қалай шығардыңдар? Бүтін шеңберде неше ширек бөлік бар</p> <p><b>Жаңаны ашу.</b> №1 тапсырмаға арналған суретті қараңыз. Алдыңызда тұрған күнтізбе. Ол неше бөлікке бөлінген? (12-ге).</p> <p><b>Бұл бөлікті қалай атайды? (Он екіден бір).</b></p> <p>– Бір ай бір жылдың нешеден бір бөлігі? <math>1/12</math>.  – Көктем айлары қандай бөлікті құрайды?  Математикада бұны былай жазуға болады:<math>3/12</math>. жазбаны торкөзде көрсетеді. Бұл жазбаны бөлшек деп атайды. Сызықтың астындағы сан – бөлімі. Ол неше бөлікке бөлінгенін көрсетеді. Сызықтың үстіндегі сан – алымы. Осындай қанша бөлікті алғанын көрсетеді. 1 (ә) суретін қараңыздар. Аптаның бір күні қандай бөлікті құрайды? 2 күн ше? <math>1/7</math>, <math>2/7</math>. Әрі қарай мұғалім аптаның күндерін, демалыс күндерді бөлшекпен атауды және жазуларын сұрайды. Түсіндіре отырып алғашқы бекіту.  <a href="https://bilimland.kz/kk/subject/matematika/3-synyp/bolshektek?mid=f8afbe75-9ee4-11e9-a361-1f1ed251dcfe">https://bilimland.kz/kk/subject/matematika/3-synyp/bolshektek?mid=f8afbe75-9ee4-11e9-a361-1f1ed251dcfe</a>  </p> <p>Өзіндік жұмыс:  <a href="https://bilimland.kz/kk/subject/matematika/3-synyp/bolshektek?mid=f8afbe72-9ee4-11e9-a361-1f1ed251dcfe">https://bilimland.kz/kk/subject/matematika/3-synyp/bolshektek?mid=f8afbe72-9ee4-11e9-a361-1f1ed251dcfe</a></p>	
<p>Аяқталуы: (5мин.)</p>	<p><b>Жаңаны қолдану.</b>  № 5 тапсырманы балалар өз беттерімен орындап, тексереді. Содан кейін мұғалім дәптердегі қалыптастырушы бағалауы бар тапсырманы орындауды тапсырады. Мен:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>– суреттен бөлшекті көрсете аламын;</li> <li>– бөлшектерді жазамын;</li> <li>– бөлшектерді салыстырамын.</li> </ul> <p><b>Өткенмен жұмыс.</b>  №6 тапсырма немесе дәптердегі тапсырманы орындау.</p> <p><b>Өзіндік жұмыс.</b></p>	